

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.1, Ч.II. – Б. 217-219

## **АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЗДЫҚ ЖҰМСАҚ БИДАЙ СОРТТАРЫН ӨНІМДІЛІГІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ**

*Саянов А.Т., жаздық жұмсақ бидай селекциясы  
зертханасының кіші ғылыми қызметкері  
Каиржанов Е.К., зертхана меңгерушісі  
Джазина Д.М., ғылыми қызметкері  
«А.И. Бараев атындағы АШҒӨ» ЖШС, Научный кенті*

Жұмсақ бидай дүние жүзінде өсірілетін дәнді дақыл, дүние жүзінде егіс көлемі бойынша 216 миллион гектар жерді алып жатыр [1,2].

Жаздық бидай Қазақстанның негізгі экспорттық дақылы болып табылады. Біздің еліміз астық экспорты бойынша әлемде 10-шы орында. Бұл ретте әлемдік бидай нарығындағы Қазақстандық астықтың үлесі 3,5 пайызды құрайды. 2021 жылғы астық жинаудың алдын ала болжауы бойынша жалпы астық түсімі 16,1 миллион тонна, ал орташа өнімділігі 10,2 ц/га шамасында құрады. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің болжамы бойынша маркетингтік жылдар саналған 2020-2021 жылдары шамамен 5-6 миллион тонна астық экспортталды. Дүниежүзілік нарыққа сатылатын астықтың негізгі үлесін Солтүстік Қазақстанда өсірілетін жаздық бидай дәні құрайды. Онда осы дақыл жалпы егіс көлемінің 85%-на жетеді, бұл шамамен 10 миллион гектарды құрайды [3,4]. Бұл дақылдың орташа өнімділігі шамамен 12 ц/га. Солтүстік Қазақстанның климатының күрт континенттілігі мен құрғақтығы өнімділіктің төмен болуының негізгі себебі болып табылады. [5,6,7,8].

Ақмола облысында себілген бидайдың жер көлемі 3,6 миллион гектар. Бұл жалпы егіс көлемінің 75%-дан аса бөлігі. Ақмола облысында себілетін бидай сорттарының 62%-ы «А.И. Бараев атындағы АШҒӨ» ЖШС-нің сорттарының үлесінде. Барлық уақытта астық өнімділігін және сапасын арттыру ауыл шаруашылығының басты мәселелерінің бірі болып келді. Бұның шешімін жүйелі қарастырылған ғылыми зерттеулер нәтижесінде ғана табуға болады. Ақмола облысында жаздық жұмсақ бидайдың орташа мерзімде пісетін сорттарына басымдылық берілентіндіктен, зерттеу жұмыстарын сол бағытта жасадық.

Тәжірибе 2021 жылдары Ақмола облысы, Шортанды ауданында орналасқан А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми – өндірістік орталығында, жұмсақ бидай селекциясы зертханасының №4 егіс алқабында

себілді. Отандық және таяу шетелдік орташа мерзімде пісіп-жетілетін жаздық жұмсақ бидай сорттарынан 20 сорт таңдалып алынды. Стандарт ретінде осы аймақта қабылданған орташа мерзімде пісіп-жетілетін жұмсақ бидайдың сорты Ақмола 2 таңдалды. Тәжірибенің мақсаты сорттардың вегетациялық кезеңі, өнімділігі және технологиялық көрсеткіштері (клейковина және ақуыз мөлшері, клейковина сапасы) анықтау және салыстырмалы бағалау.

2021 жылы ауа райы жағдайы вегетациялық кезеңінде ыстық және құрғақ (ГТК=0,5) болды, бұл бірнеше айда жоғары өнім қалыптастыруға және дәннің толысып пісіп-жетілуіне ықпал етті.

Зерттеу жұмысымызда егін себу жұмысы 19 мамырда ССФК-7 астық сепкішімен 4 шаршы метр көлемінде 3 қайталымда себілді. Себу мөлшері гектарына 3,5 миллион өңгіш тұқым. Егін көгінің шығуы 26 мамырда болды. Тұқым вегетациялық кезеңінің ұзақтығы фенологиялық бақылау жүргізу барысында анықталды. Вегетациялық кезеңі бойынша толық пісіп жетілу Ақмола 2 стандарт сорты 90 тәулікті, Орал, Ильменская 2 сорты стандарттан бір-екі тәулікке ерте пісті. Шортандинская 2015, Шортандинская 2017, Айна, Алтайская жница сорттары стандарттан екі тәулікке, Уралосибирская сорты төрт тәулікке кеш пісті. Қалған сорттар стандартпен қатар пісіп жетілді.

Зерттеуімізде егін жинау жұмыстары WINTERSTEIGER CLASSIC комбайнымен жүзеге асырылды. Жиналған өнімді таразымен өлшеу әдісі арқылы өнімділікті есептедік.

Стандарт Ақмола 2 сортының өнімділігі 32,08 ц/га, жалпы орташа өнімділік 33,08 ц/га болды. Стандарттан жоғары өнімділік көрсеткен Орал (38,67 ц/га), Таймас (38,00 ц/га) т.б. сорттары және стандарттан төмен өнімділік көрсеткен Степнодар (25,75 ц/га) және Ильменская 2 (28,00 ц/га) болды. Қалған 12 сорттың стандарттан өнімділігі жөнінен айтарлықтай ауытқу байқалмады.

Технологиялық сараптау СТ РК 1564-2006 бойынша жүргізілді. Барлық сорттардың ақуыз және клейковинасының массылық үлесі өте жақсы. Ақмола 2 сортының ақуызының массылық үлесі 16,16% клейковинасы 36,16%, клейковина сапасы 77 бірлікті көрсетті. Клейковина сапасы Шортандинская 2014, Орал, Оренбургская 22, Целина 50 сорттарында I топқа сәйкес, қалған сорттар II топқа сәйкес көрсетіште болды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Манкузо, Т. Экологическая устойчивость и экономические аспекты товарных видов мягкой пшеницы [Текст] / Т. Манкузо, Т. Вердуна, С. Блан, Г. Ди Вита, Ф. Брун // Агр. Экон. – Чехия, 2019. – 194с.

2 Лисицын, Е. М. Генетическое разнообразие сортов яровой мягкой пшеницы по алюмоустойчивости [Текст] / Е. М. Лисицын, О. С. Амунова // Вавиловский журнал генетики и селекции. – 2015. – Т. 18. – № 3. – 497с.

3 Babkenov, A.T. Breeding Spring Soft Wheat for Productivity, Grain Quality, and Resistance to Adverse External Factors in Northern Kazakhstan [Текст] / A.T. Babkenov, S.A. Babkenova, K.K. Abdullayev, Ye. K. Kairzhanov // Journal of Ecological Engineering (JEE). – 2020. – №. 21 (6). – P. 8-12.

4 Бабкенов, А.Т. Изучение генетических ресурсов яровой мягкой пшеницы в условиях Северного Казахстана [Текст] / А. Т. Бабкенов, С. А. Бабкенова, Е. К. Каиржанов // Труды по прикладной ботанике, генетике и селекции. – 2019. – №. 4 (180). – С. 44-47.

5 Babkenova, S.A. Molecular genetic tagging of wheat varieties genes resistant to septoria tritici in Northern Kazakhstan [Текст] / S. A. Babkenova, A. T. Babkenov, T. M. Kolomiets, E. S. Skolotneva, M. G. Divashuk // International Journal of Green Pharmacy. – 2017. – № 3. – P. 430-437.

6 Койшыбаев, М. Болезни пшеницы (Продовольственная и сельскохозяйственная организация ООН (ФАО)) [Текст] / М. Койшыбаев. – Анкара, 2018. – 365 с.

7 Kokhmetova, A. Identification of leaf rust resistance genes in wheat cultivars produced in Kazakhstan [Текст] / A. Kokhmetova, A. Madenova, G. Kampitova, R. Urazaliev, M. Yessimbekova, A. Morgounov, L. Purnhauser // Cereal Research Communications. – 2016. – V. 44. – № 2. – P. 240-250.

8 Babkenova, S. A. The influence of frondiferous diseases on the main indicators of spring wheat quality [Текст] / S. A. Babkenova, A. T. Babkenov, K. K. Abdullaev, A. A. Shabdan // Ecology, Environment and Conservation. – 2020. – V. 26. – №. 2. – P. 738-742.